

Педагогтардың әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениеті дамуының келесі кезеңдерін айтуға болады: [9]

- 1 кезең- когнитивті-бағалаушылық компонентінің дамуы;
- 2 кезең- эмоциональды-қажеттілікті компоненттің қалыптасуы;
- 3 кезең- мотивациялық-еріктік компоненттердің қалыптасуы;
- 4 кезең- когнативті-шығармашылық компоненттердің дамуы.

Осы айтылғандар негізінде педагогтың дүниетанымдық мәдениеті ұғымына «оның дүниетанымдық іс-әрекетке қажетті дүниетанымдық қабілеттерінің, көркемдік-рухани білімі мен практикалық іскерлігінің кіріктірілген тұлғалық сапасы» деп анықтама береміз.

Кез келген мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, еңбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті, өзінің әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырған педагог қашанда қоғам талаптарының сұраныстарына ие мамандар болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006.
2. Хмель Н.Д. Педагогтардың кәсіби дайындығының теориялық негізі.
3. Розанов В.В. Сумерки просвещения. М.: Педагогика, 1990.
4. Сластенин В.А., Тамарин В.Э. Методологическая культура учителя // Современная педагогика. 1990. № 7.
5. Краевский В.В., Полонский В.М. Методология для педагога: теория и практика. – Волгоград: Перемена, 2001.
6. Полонский В.М. Существует ли "живая методология"? // Методология педагогики. Ч.2. Выпуск 5. — М. Педагогика, 1998. — С.89-91.
7. Азархин А.В. Мировоззрение и эстетическое развитие личности. Киев, Наукова Думка, 1990. 191 стр.
8. Сластенин В.А., Николаев В.А. Этнопедагогическая культура учителя. М.: Магистр, 2000 г. 207 стр.
9. Силяева Е.Г. Этическая культура личности // Педагогическое образование и наука. - 2005. - №5. - с. 21-24.

УДК 373.1

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Елькеева А.Б.

Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Резюме. В статье раскрывается суть понятий «технология», «педагогическая технология», рассматриваются различные подходы к определению педагогической технологии. Использование современных педагогических технологий в учебном процессе вуза положительно влияет на развитие познавательной деятельности студентов, их творческой активности, сознательности, реализует условия перехода от обучения к самообразованию.

Ключевые слова. Инновация, информационная, педагогическая технология.

NEW TECHNOLOGIES USING IN THE PROCESS OF HIGH SCHOOL TEACHING

Yelkeeva A.B.

Kazakhstan, Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Summary. The article reveals the essence of the concepts "technology", "pedagogical technology", considers various approaches to the definition of pedagogical technology. Use of contemporary pedagogical technologies in the teaching process is a positive idea of the students' creative work, their creative activity, their passion, realizes the condition of the teaching of the learning of self-discipline.

Keywords. Innovation, informational, pedagogical technology.

Из обращения Президента Нурсултана Назарбаева к народу «Казахстан-2030»: «Наша молодая страна растет, растет и растет, наших детей и внуков воспитывают мужчины. Они ответственные, энергичны, сильны и хорошо образованы. Они готовы работать в условиях современной рыночной экономики, сохраняя добрые традиции предков. Они свободно владеют казахским, русским и английским языками, являются патриотами мира, процветания, известной и славной нации своей страны. Будущее молодой страны - это сегодняшние студенты. Идентификация их природных способностей, выявление и реализация их является актуальной проблемой сегодня» [1].

Сегодня проблема педагогической технологии является предметом теоретических и прикладных исследований. Цель педагогической технологии - цель самообразования. Это требует нового, целенаправленного изменения содержания, метода и инструментов традиционного обучения.

Основным фактором развития познавательного интереса студентов является не только передача им знаний и навыков, но и создание учебного процесса, который позволяет учащемуся

развивать умственную работу ученика. Творческие способности ученика развиваются только через его мышление, практические действия.

В будущем потребность в современных знаниях необходима для того, чтобы войти в ряды цивилизованных стран. Казахстан входит в ряды 50 наиболее развитых конкурентоспособных экономик. Поэтому нынешний этап развития ставит проблему технологизации образовательного процесса вплоть до системы образования. Одним из основных обязательств, стоящих перед персоналом образования, является постоянное совершенствование методов обучения.

Образовательные учреждения и педагогические коллективы Республики имеют возможность работать в любой форме, в зависимости от их предпочтений, в зависимости от диапазона предлагаемых задач. В этом направлении существует разнообразный образовательный контент, структура, новые идеи, основанные на науке и практике и новых технологиях. Поэтому важно выбирать различные образовательные технологии в контексте содержания, возрастных и психологических особенностей учащихся и реализовывать их на практике.

Если у вас нет хорошего образования в современном мире, вы не можете быть компетентным многопрофильным специалистом. Приобретение новых технологий окажет глубокое влияние на формирование интеллектуального, профессионального, морального, духовного, гражданского и многих других аспектов преподавателя, саморазвития и эффективной организации учебного процесса.

В целом идея технологии - не совсем новая концепция. Идея технологического процесса обучения была 400 лет назад предложена Я. А. Коменским. Элементы педагогической техники после Я. А. Коменского можно найти в работах Г. Песталоцци. Сегодня технология образования резко изменилась. Технические инструменты обучения, в том числе различные дидактические материалы, помогают учителям и студентам [2].

В настоящее время понятие «педагогическая технология» проникло в нашу лексику. Технология – это и знание производственного процесса и методы его ведения [3]. Многие зарубежные ученые, изучающие технологии, рассматривают их как средство достижения какого-либо результата процесса [4]. Определения образовательной технологии приводятся многими авторами [5, 6, 7]. В целом, педагогическая технология - это живой компонент образовательного процесса, который объединяет много творческих идей с глубоким пониманием эффективности преподавания.

Одна и та же технология осуществляется по-разному в зависимости от мастерства разных участников. В настоящее время используется более 70 педагогических технологий. Критерии выбора новых технологий обучения, предлагаются М.М. Поташником [8]. Техническая осуществимость выбора педагогической технологии будет зависеть от реальной ситуации, регулярности, эффективности и т. д.

Основными задачами педагогических технологий являются:

- способность организовать обучение, развитие и другие виды деятельности;
- воспитание в той мере, в какой оно возможно в соответствии с знаниями и навыками;
- развитие навыков самостоятельной работы;
- развитие аналитического мышления [8].

Для работы с новыми педагогическими технологиями необходимы следующие предпосылки:

- интенсификация учебного процесса;
- постоянный анализ и рассмотрение его научно-методических, учебно-методических, организационных причин;
- анализ содержания новой программы, учебников;
- знакомство с образовательными стандартами;
- приобретение знаний на уровне государственного стандарта путем различных методов обучения;
- непрерывная гуманизация и демократизация.

Введение педагогических инноваций в учебный процесс включает в себя следующие этапы.

Этап 1: поиск новой идеи;

Этап 2: организация инноваций в учебном процессе;

Этап 3: внедрение инноваций - использование инновационных методов в учебном процессе;

Этап 4: утверждение инноваций - оценка результатов в учебном процессе [8].

Каждая педагогическая технология включает в себя объективные методологические возможности и благоприятные условия для саморазвития личности, самореализации и творчества. Новая педагогическая технология, в первую очередь, способствует улучшению мастерства учителя, а во-вторых, влияет на умственные способности ученика.

Основная цель преподавателя в обучении - подготовить студентов к практической деятельности. Существует множество типов уроков, которые можно использовать для достижения этой цели с использованием различных методов. В процессе урока можно применить большое количество разнообразных педагогических технологий.

Так, например, игровые образовательные технологии использовались с древних времен, и передаются от поколения к поколению. Они широко используются в народной педагогике, особенно в дошкольных и внешкольных организациях. Компьютерные технологии также очень важны. Компьютер может использоваться для разъяснения, повторения и тестирования знаний, навыков в процессе обучения. Для повышения качества образования в дошкольных организациях эффективно используется технология дифференцированного обучения.

Таким образом, каждая педагогическая технология развивает необходимые навыки и способности обучающихся, создает благоприятные условия для саморазвития, способствуя тем самым повышению самооценки и креативности индивида. Применение инновационных педагогических технологий также способствует совершенствованию педагогического мастерства учителя.

Литература

1. Концепция гуманитарного образования в Республике Казахстан. - Алматы: Казахстан, 1999.
2. Монахов В.М. Проектирование и модернизация новых технологий. - Москва: Педагогика, 1990.
3. Селевко Г.К. Дифференциальная подготовка. - Ярославль, 1995.
4. Янушкевич Ф. Технологическое образование в школьном образовании. - Москва: Высшая школа, 2000.
5. ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о праве на образование в 1991 году. - Париж, 1991.
6. Поташник М.М. Инновационные школы в России: Становление и развитие. - Москва, 1996
7. Ильин В.С. Формирование школы. - Москва: Педагогика, 1984.
8. Жампеисова М.М. Модульная технология обучения. - Алматы, 2002 г.

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да, жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабалардың игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайларында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, айбат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» -деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге тән. Жас мемлекеттің болашағы - бүгінгі студенттер. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту-бүгінгі күннің өзекті мәселесі [1].

Бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Педагогикалық технология мақсаты – өздігінен білім алу мақсаты. Ол дәстүрлі оқытудағы мазмұнды, әдісті, сабақ түрін, құралдарын жаңа мақсатқа сай өзгертуді талап етеді. Яғни студенттің танымдық қызметіне қорғау салады. Ынтасын, қызығушылығын туғызады, орындаушылық әрекеттерін дамытады, түзету әрекеттері, бақылау әрекеттері жүзеге асады.

Студенттердің танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы – олардың білімі мен дағдыларының ережесі ғана емес, сонымен бірге студенттің ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою болып саналады. Студенттің шығармашылық қабілеті де оның, ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында терезесін тең ететін - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттемелеріміздің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру.

Қазіргі Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алады. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен студенттердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының ену тарихына көз жіберсек, бұдан 15-20 жыл бұрын Отандық педагогикада технология ұғымы мүлдем дерлік қолданған жоқ. Жалпы, технология идеясы өте жаңа ұғым емес. Оқыту процесін технологияландыру туралы ойды осыдан 400 жыл бұрын Я.А.Коменский айтқан болатын. Оның ойынша оқыту «техникалық» болуы қажет, яғни нені үйретсе де, нені оқытса да табыссыз болмауы керек. Оқытудың мұндай механизмін Я.А.Коменский «дидактикалық машина» деп атады. Білім берудегі кез-келген техниканың өзегі Я.А.Коменскийден кейінгі педагогикалық технология элементтерін Г.Песталоций еңбектерінен кездестіруге болады. Бұл күнде оқыту технологиясы үкен өзгеріске душар болып отыр. Оқытушылар мен студенттерге әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары көмекке келді [2].

Қазіргі кезде «педагогикалық технология» ұғымы біздің лексикологиямызға берік еніп келеді. Бірақ оның мән мағынасы туралы пікір алуан түрлі. «Технология»-Техне-искусство, ремесло, мастерство, учение-деген мағынаны білдіретін грек сөзі.

«Технология-өндірістік процесті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы» - деп шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде анықтама берілген [3].

Көптеген шетелдік ғалымдар технология деп-оқытудың объективтік факторларының жиынтығын (бағдарламаланған оқыту құралдары, дидактикалық материалдар, құрал-жабдыу, техникалық құралдар, т.б) қандай да үрдістің нәтижеге жету құралы ретінде қарастырылады. Мәселен, поляк педагогы Ф.Янушкевич оқыту технологиясының мәнін ашқанда төмендегідей анықтама берген: «Оқыту технологиясы» деп ғылыми ұстанымдар жүйесінде қолданыс табатын бағдарламаланған оқыту үрдісін айтады және оқу мақсатына жетуге бағытталған оқу тәжірибесінде, көбіне оқылатын пәнге емес, оқушыларға бағытталады, оқыту әдістері мен тәсілдерін сынақтан өткізуге, эмпирикалық талдау жасауға және оқытуда аудиовизуальды құралдарды кеңінен қолдануды талап етеді, оқыту теориясын оның тәжірибесімен өзара бірлікте қарастырылады [4].

«Педагогикалық технология дегеніміз-тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана» деп В.Беспалько атап көрсетсе, И.Талызинаның пікірі бойынша, педагогикалық технологияның басты мақсаты-іс жүзінде дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді анықтау [5].

В.М.Монахов: «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі» - деп анықтама берген [6].

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, педагогикалық технология-бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурсын, олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі. М.В.Кларин «Педагогикалық технология - бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті» - деп анықтайды [7].

Педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсат-мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойылып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп реттелген оқытудың мазмұн, форма, әдіс-амалдарының дидактикалық талаптардың, психологиялық-педагогикалық нұсқаудың жиынтығы.

Оқыту технологиясы жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне қажет әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап сияқты психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол студенттің тәртібіне, оқуға ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі оқытушылардың интеллектуалық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибенің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұстамды әсер ететіндей оқу-тәрбие процесінің басты қызметін атқарады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

Бір технологияның өзі әр түрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылады. Қазіргі кезде 70-тен астам педагогикалық технология қолданылып жүр. Оқытудың жаңа технологияларын таңдаудың М.М.Поташик ұсынған критерийлері:

- елдің, аймақтың, қаланың талап-тірегі – білім беру ұйымында әлеуметтік сұраныс;
- оқу орнының дамуы туралы жетістіктері мен табыстары;
- педагогикалық озат тәжірибе;
- оқытушының, басшылардың іс-тәжірибесі, интуициясы, шығармашылығы;
- оқу орнының жұмыс үрдісі мен нәтижелерінің талдамасы [8].

Демек, педагогикалық технологияны таңдау барысында алынып отырған техникалық мүмкіндігі нақты жағдайға сай болуын, жүйелілігін, тиімділігін, т.б. ескеруіміз керек.

Педагогикалық технологияның басты міндеті мыналар:

- студенттің білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатын дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту [8].

Жаңа педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет:

- оқу үрдісін интенсификациялау жаппай қолға алу;
- оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себебіне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;
- студенттердің сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру;
- жаңа бағдарлама, оқулықтарының мазмұнына талдау жасау;
- білім стандарттарымен жете танысу;
- білімді деңгейлеп беру техникаларын үйрену арқылы студенттерге білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу;
- оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Оқу-тәрбие үрдісіне педагогикалық жаңалықтарды енгізу төмендегідей кезеңдерден тұрады:

1-кезең: Жаңа идеяны іздеу – ақпараттандыр және инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

2-кезең: Жаңалықтарды ұйымдастыру – оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізуді алғашқы байқаудан өткізу, ұйымдастыру және кеңес алу.

3-кезең: Жаңалықтарды енгізу – оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

4-кезең: Жаңалықтарды бекіту – оқу-тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау [8].

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Жаңа педагогикалық технология, біріншіден, оқытушы шеберлігін жетілдіруге ықпал жасаса, екіншіден, студенттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсер етеді.

Педагогикалық технология ұғымы үш деңгейде қолданылады:

Жалпы педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған: мақсат, мазмұн, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмі кіреді.

Салалық (пәндік) – бір пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

Локалдік (модульдік) – жеке әрекеттер технологиясы, ұғымды қалыптастыру; дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы; жаңа материалды меңгерту технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы; жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы.

Салалық (пәндік) және локалдық (модульдік) деңгейлеп оқыту әдісімен үндес, тек айырмашылық технологияда процессуалдық, өлшемдік, сапалық және вариативтік – бағдарлық компоненттерге басым көңіл бөлінеді.

Оқытушының сабақ берудегі басты мақсаты – студенттерді шығармашылық ойларға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, қызығушылыққа тәрбиелеу. Бұл мақсатты жүзеге асыруда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, көптеген сабақтардың түрлерін өткізуге болады. Сонымен қатар түрлі жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы сабақ түрлерін жүзеге асыра отырып, студенттердің ойлау қабілетін арттыруға жол ашамыз. Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар өте көп. Мысалы: Дамыта оқыту идеясы бойынша балаға оқу мақсаттарын қоюда, шешуде ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу, талқылау, жинақтау арқылы жүзеге асады.

Білім беруді ізгілендіру: балаларға деген ұстаздық сүйіспеншілік, олардың тағдырына алаңдау; баланың болашағына, қабілетіне сену; ынтымақтастық, қарым-қатынас шеберлігі; тікелей қысым көрсетпеу, баланы ынталандыру.

Ойын арқылы оқыту технологиясы. Оқытудың ойындық әдісі ерте кезден бастап күні бүгінге дейін қолданылып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл әдіс, әсіресе халықтық педагогикада мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарда, бастауыш мектепте кеңінен пайдаланылады.

Компьютерлік технологияның бірінші және екінші нұсқалар үшін компьютердің басқа технология элементтері мен ара-қатынасы өте маңызды, көкейкесті мәселе. Компьютер оқытудың барлық жалпы тақырыпты түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, білік, дағдыны тексеру кезеңдерінде қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыруда қолданылатын технология – саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы. Саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы оқу процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын саралап оқытуды ұйымдастырудың, оның құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Қорыта айтқанда әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Жаңа педагогикалық технология, біріншіден, оқытушы шеберлігін жетілдіруге ықпал жасаса, екіншіден, студенттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1999.
2. Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения. – Москва: Педагогика, 1990.
3. Селевко Г.К. Дифференциалды оқыту. – Ярославль, 1995.
4. Янушкевич Ф. Технология обучения в школе высшего образования. – Москва: Высшая школа, 2000.
5. ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о положении дел в мировом образовании за 1991 год. – Париж, 1991.
6. Поташник М.М. Инновационные школы России: становление и развитие. – Москва, 1996.
7. Ильин В.С. Формирование личности школьника. – Москва: Педагогика, 1984.
8. Жампеисова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы, 2002.
